



Бекітес М.И.
Мектеб директоры Ессеева М.И
«26» мамыр 2023 жыл

**Ақсу негізгі орта мектебінің 2022-2023 оку жылы бойынша
психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстары туралы есебі**

Ақсу негізгі орта мектебінің 2022-2023 оку жылы бойынша

психологиялық қызметтің жүргізілген жұмыстары туралы есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты- білім беру үйімдарында білім алушылардың психологиялық деңсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету. Психологиялық ағартушылық, психологиялық алдын-алу, психологиялық және психо-педагогикалық диагностика, дамыту және психотүзету жұмыстары, психологиялық ақыл-кеңес беру бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Үйімдастыру бағытында : қыркүйек айында жүргізілген жұмыстар класс жетекшілерден оқушылар туралы мәліметтер жинақталып , әр оқушының карталары толтырылды . Өгей әке – аналармен тұратын оқушылар жок .

Диагностикалау бағытында : Жұмыстың көп бөлігін психодиагностика атқарады, өйткені оның мақсаты оқушыларды сүйемелдеу процесін ақпараттық қамтамасыз ету болып табылады. Психодиагностиканың негізгі әдістері-тесттер, сауалнамалар, бақылау.1-сынып оқушыларының бейімелуі «Керн Йирасек әдістемесі алынды. Мақсаты: 1- сынып оқушыларының мектепке психологиялық тұрғыдан даярлығын, қымыл әрекетінің қалыптасқанын және үйлесімділігін анықтау. Ата – анаға ұсыныс: балаларына үйден үнемі қолдау көрсетіп, жұмыстану. Қортынды: Тест қортындысы бойынша « мектепке жетілмеген», яғни төмен деңгей көрсеткен оқушы жок. Тақырыбы: Балалардың оқуға психологиялық дайындығын зерттеу. Мақсаты: Жеткіншек шақ (12-14 жас) жасындағылардың оқуға психологиялық дайындығын зерттеу. 6 класс. «Досыма сыйлық» оқушылар бірінші еркін тақырыпқа 3 минут сурет салды.

Екінші тапсырмада аяқталмаған суретті жаңындағы досы аяқтады. Жылы лебіздерін жазды. Досының салған суретін өшіріп, жөндеуге болмайтындығы ескертілді. Қортынды: парақта достың қолтаңбасы, жылы лебізі бар болғандықтан маңызды екендігі түсіндірілді. Өзара сыйластық пен тәртіп оку үлгерімге үлкен әсері бар. Оқушылар бір-біріне мейірім білдірді. Оқуға дайындық қалыпты. Тақырыбы: Басса Дарки . Мақсаты: Агрессиялық мінез құлышты анықтау 7 класс. Оқушыларға сауалнама жүргізілді. Қортынды: Агрессиялық түрлері анықталмады. Тақырыбы: « Кызығушылығын қандай ? » Мақсаты: Ең басты қызығушылығын анықтау. 6 класс. Қызығушылықты анықтайтын сұрақтары бар сауалнамалар берілді . Қортынды: Бір оқушының ағылшын тілі пәніне бейімділігі анықталды. Тақырыбы: Н.Лусканова «Оку мотивациясы» Мақсаты: Оқуға деген ішкі уәжін анықтау . 8 класс. Оқушыларға сауалнама жүргізілді. Қортынды: Оку мотивациясы қалыпты. Тақырыбы: «Дасс» сауалнамасы . Мақсаты: депрессия , мазасыздық , стресс анықтау. 9 класс. Оқушыларға сауалнама жүргізілді. Қортынды: депрессия , мазасыздық , стресс анықталмады. Тақырыбы: Кактус . Мақсаты: баланың эмоционалдық жағдайын және агрессияны анықтау. 4 класс. Ақ қағаз бен қарындаш беріліп , өздерінің қалауынша, кактустың суретін салу тапсырылды . Қортынды: суретті өндегендеге көлеміне, орналасуына , инелердің санына көңіл бөлінді . Балалардың эмоционалдық жағдайы қалыпты. Агрессия анықталмады. Тақырыбы: Мектепке қарым – қатынасым. Мақсаты: ортамен қарым – қатынас дағдыларын қалыптастыру. 5 класс. Оқушыларға сауалнама жүргізілді. Қортынды: мектепке бейімделушілік қалыпты . Тақырыбы: Штур . Мақсаты: ақыл – ой дамуын анықтау . 7 класс . Ақыл – ой дамуының мектептік тест Штур жүргізілді . Әрбір тапсырмалар жинағына түсініктеме берілді . Шешілу тәсілдері көрсетілді . Шектеулі уақыт берілді . Қортынды: ой – өрісін зерттеу іріктемелері бойынша ақыл – ой дамуы қалыпты . Тақырыбы: социометрия. Мақсаты: сынның оқушылары арасындағы қарым – қатынасты зерттеу . 7 класс. Кім таңдайды. Кімді таңдайды. Таңдау матрицасы жасалды. «Таңдау матрицасындағы» мағлұматтарды өндеп болған соң «Социограмма» жасалды. Қортынды: Оқшауланған , елеусіз немесе шеттеп қалған оқушы анықталмады. Тақырыбы:

«Климов» кәсіби бағдар. Мақсаты: оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау . 9 класс. Климовтың дифференциалды диагностикалық сауалнамасы жүргізілді . Кәсіби езін-өзі анықтауға көмек берілді . Қортынды: Мамандықтардың ерекшеліктері талқыланды. Оқушылардың кәсіби тандауы анықталды. Тақырыбы: Компьютерлік ойындар мен интернетке тәуелділікті анықтауға арналған сауалнама. Мақсаты: ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділік деңгейін анықтау мақсатында тест сұрақшалар берілді. 8 класс. Қортынды: тәуелді деңгейдегі сыналушы анықталмады . Тәуелділіктің түрі айқын көрінбеді. Тақырыбы: Буллинг және Кибербуллингтің алдын алу . Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазактау, намысқа тиу секілді жағдайлардың алдын алу. смс-хабарламалар, әлеуметті желілер, абыройды төгетін веб-парапашалар ашу немесе қорлайтын, тілтигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, интернет желісін қолдану шарттары айтылды. 9 класс. Смс-хабарламалар, әлеуметті желілер, абыройды төгетін веб-парапашалар ашу немесе қорлайтын, тілтигізетін бейнеконтент жариялау арқылы, т.б. жолдармен жасалатындығы түсіндіріліп, интернет желісін қолдану шарттары айтылды. Жұмыс қорытындысы: ешкімнің ешкімді ренжітүге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ екендігін түсінді . Тақырыбы: «Зунге » сауалнамасы . Мақсаты: "Аутодеструктивті іс - әрекеттің алдын алу". 7 класс. Сауалнама алынды, сонында оқушылармен тренинг жүргізілді. Қорытынды: Депрессиялық жағдайлар және депрессияға жақын жағдайлар анықталмады. Тақырыбы: «Мен және менің дінге көзқарасым» Мақсаты: оқушылардың дінге деген көзқарасын анықтау. 9 класс. Діни экстремизмнің алдын алу және оқушылардың діни сауаттылығын арттыру мақсатында оқушылар мен олардың ата-аналарымен әңгіме, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Қорытынды: 9 сынып оқушылары және жақындары арасында өзге дінге тартылған оқушылар және жақындары мен достары анықталған жоқ. Тақырыбы: Зорлық – зомбылықты анықтау. Мақсаты: жасөспірімдер арасындағы зорлық-зомбылықты анықтау . 8 класс. Зорлық – зомбылыққа тап болған және күе болған жағдайда қалай әрекет ету керектігі және кімнен көмек сұрау керектігі туралы түсіндірілді . Қорытынды: Сауалнама нәтижесі бойынша мектепте, мектептен тыс оқушыларға жасалған зорлық-зомбылық туралы фактілері анықталмады. Тақырыбы: Дасс сауалнамасы. Мақсаты: қорқыныш, стресс, депрессия деңгейін анықтау . 8 класс . Дасс сауалнамасы алынды. Қорытынды: қорқыныш, стресс, депрессия анықтау . 5 класс. Сыныптағы аутодеструктивті мінез- құлық танытатын оқушыларды анықтау. Мақсаты: сыныптағы оқушылардың тәртібі мен аутодеструктивті мінез-құлқын анықтау. Қорытынды: сыныптағы оқушылар арасынан тәртібі қын, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықталмады. Тақырыбы: «Стресс тест». Мақсаты: Оқушыда стресс бар жоғын анықтау. 9 класс. Сауалнама жүргізілді. Қорытынды: Бағалау шкаласы бойынша оқушылардан стресс анықталмады.

Профилактика бағыты бойынша: Тақырыбы: «Зунге » сауалнамасы. Мақсаты: "Аутодеструктивті іс - әрекеттің алдын алу". 7 класс . Сауалнама алынды ,сонында оқушылармен тренинг жүргізілді. Қорытынды: Депрессиялық жағдайлар және депрессияға жақын жағдайлар анықталмады. Тақырыбы: Мамандықтың бәрі жақсы , қажеттісін таңдай біл ! Мақсаты: әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық тандауга көмектесу. 9 класс. Оқушылар көпшілік мамандықтар туралы түсінік алды. Қорытынды: оқушылар белгілі мамандықтың түрін менгеруге бейімделді.

Түзету – дамыту бағыты бойынша : Тақырыбы: Стресінді табысқа айналдыр. Мақсаты: стрессті табысқа айналдыру жолдарын үйрету. 9 класс. Стрессті табысқа айналдыру үшін жүктелген ауыр жүкті жеңілдету жолдары түсіндірілді . Дене жаттыгуларын жеткілікті мөлшерде жасау. Стресстің әсерін жеңілдету үшін ак қант, кофеиндерді ас мәзірінен алып тастау , май , алкаголь және никотинді қолданбау керектігі айтылды. Қорытынды: Стress өмірдің бір бөлігі екендігін, оған назар аудармай жүре бермеу керектігін түсінді . Тақырыбы: Бала құқығы. Мақсаты: оқушыларға бала

құқығын үйрету.4 класс.«Менің құқығым» тренингі өткізілді.Корытынды:окушылар елжандылыққа,құқықтық сауаттылықты менгерді. Тақырыбы: емтихандарды өткізу кезіндеге окушыларға психологиялық қолдау көрсету.Мақсаты: емтихандар уақытында өзін-өзі ұстай білуге даярлау .9 класс.Жаттығу «Сәлемдеме хаты» Сіздерге қағаз параптаратына өз сәлемдемерізді жолдап, оларды шкатулкаға салуынызды ұсынамын. Енді мен оларды араластырамын, ал сіздер басқа сәлемдесуді аласыздар,топта оқыған сәлемдеменізді, біздің бүтінгі кездесуімізді еске алу үшін өзінізге естелікке қалдырасыз.«Емтиханның бейнесі» жаттығуы.Сіздердің алдарыныңда қарындаштар және ватман жатыр. Мен сіздерге емтиханға деген көзқарасынызды салуды ұсынамын. Сіз оны қалай көресіз? Суреттегі эмоцияларды көрсетіңіз. Сіз суретті қорқынышты монстра түрінде түсіре аласыз, немесе жай ғана сіздің көзқарасынызды көрсететін парапты түстік дақтарды салуынызға болады. Сіз барлық нәрселерді жаман, әрі жақсыны сала аласыз.Корытынды:окушылардан сенімсіздік , алаңдаушылық анықталмады .

Кенес беру бағыты бойынша :Тақырыбы: Денсаулық құпиясы.Мақсаты: Окушылардың өз денсаулығына жаңаша көзқараспен қарап, оны сактауға үйрету, балалардың өз денсаулықтарын сактауға , тазалыққа, салауатты өмір салтына үйрету.2 класс.Әңгімелесу,жұмбақ шешу, сұрақ-жауап жұмысы жүргізілді.Корытынды:окушылар тазалық сақтай отырып, өз денсаулықтарына жауапкершілікпен қарау үретілді. Тақырыбы: Буллинг деген не? Мақсаты: Қарапайым тілмен буллинг дегеніміз не екенін түсіндіру және қорғану жолдарын үйрету.Буллинг-кемсіту,келемеждеу,қорлау деген мағынаны білдіреді.Телефонға түсіріп алу,таратып жіберу сияқты әрекеттер кездеседі.Корытынды: Буллингке ұшырағандарға алғашқы кенес-маманың көмегіне жүгіну. Тақырыбы: Ғаламтор жүйесіндегі адамның өміріне қауіп төндіретін сайттарға кіруіне бақылау жасау.Мақсаты: Тиым салынған сайттарды пайдалануды шектеу.8 класс.Ғаламтор қойнауы адамгершілік құндылықтармен катар,каржылық зиянды бағдарламалар қауіптерге душар етеді.Экстремизм,деструктивті діни ағымдар,құмар ойындар,нашақорлық және т.б насиҳаттаушы қауіпті ресурстарды пайдаланбау туралы түсіндірілді.Корытынды: балалар бейресми түрде таныс емес адамдармен қарым-қатынас жасамау керектігін түсінді.Жеке тұлғаның кәсіптік мамандықтарға деген ынта -ықыластарын анықтау. Кәсіптік бағдар беру. Окушыларды қоғамдағы еңбектің, мамандықтардың әр түрлерімен таныстыра отырып, олардың өсу деңгейі және қоғамдағы қажеттілік орны мен сұранысы жайлы білімді менгерту, мамандық әлемінен акпарат алу мақсатында 9 сынып окушыларына "Мамандықтың бәрі жақсы, қажеттісін таңдай біл!"тренинг сабак өткізіліп «Климов» әдістемесі алынды.Ата-ана тарапынан окушыға көрсетілетін буллинг, кибербуллингтің алдын-алу мақсатында «Қауіпсіз интернет», «Мектептегі буллинг», «Кибербуллинг» тақырыптарында интернет тәуелділік пен құқықбұзушылық және зорлық-зомбылықтың алдын алу тақырыбында кенестер беріліп, тренингтер өткізілді. Жастарға, ата-аналар «суицидтің» зардабын түсіндіре отырып, өркениетті еліміздің тағдыры осы жастардың қолдарында екендігін ұғындыру. Жастарға үлкен ақсақалдырымызың өсінеттерін екі етпей орындауға, имандылыққа, мұсылмандыққа жат қылыштардан аулақ болуға, жастармен өмірдің қын мәселеін біріге отырып шеше білуге немесе шешу жолдарын бірлесе іздеуге дағыландыру жұмыстары жүргізілді.

Мектеп психологі:

F.B. Китетулов

